

Бар білімнің нұр бастауы,  
Балабақшадан басталады.

**Мырзағали:** Білім - менің ертеңім  
Өсу үшін өркенім  
Жүзем оқу - айдында  
Жайып білім желкенін

**Ерсайын:** Қиындықтан өтуге  
Армандарға жетуге  
Білім алам ерінбей  
Еліме қызмет етуге!

**Таңнұр:** Қыркүйектің бірінде,  
Кеудем толы дірілге.  
Құлақ түрем елеңдеп,  
«Бақша» деген бір үнге.

**Айша: Ән. «Біз бақытты баламыз»**

**Бақыт құсы:** Өте тамаша! Мен риза болып тұрмын. Кеткім келмейді,  
бірақ бүкіл Қазақстанды аралап шығу үшін асығуым керек.  
Көп рахмет, сендерге, балалар! Мереке мерекеге ұласа  
берсін! Сау болыңдар!

**Балалар:** Сау болыңыз!

**Тәрбиеші:** Білім бастауы - балабақшада. Ендеше бүгінгі мерекеде тағы  
бір әнімізді балабақшамызға арнайық!

Сыңғырла қоңырау, сыңғырла,  
Шакыра білімнің бағына  
Білім ал, еңбек ет жас ұлан.  
Өрле де биік шың басына.

**Айша: Ән. «Үкілі әуен»**

Мереке тағы да құтты болсын! Шаршамай – талмай білім теңізіне  
сүңгіік! Биіктерді бағындырудан жалықпайық!



Түркістан облысы  
Қазығұрт ауданы  
«Б ал ды р ғ а н»  
бөбекжай балабақшасы

# «Ана тілім-байлығым»

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет

«Жұлдыз» ересек топ



Тәрбиешілер: Бегімова Б  
Кенжебекова Ш

2022-2023 ж



## «Ана тілім - байлығым»

**Білім беру саласы:** «Коммуникация»

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Сөйлемді дамыту, Көркем әдебиет, Ән-күй

**Мақсаты:** Балалардың ана тілінің қасиетін сезінуге, мәртебесін көтеруге баулып, танымдық қабілетін арттыру. Тілді құрметтей білуге тәрбелеу

**Көрнекілік:** плакаттар, суреттер

**Әдіс тәсілдері:** түсіндіру, сұрақ-жауап.

**Тәрбиеші:** Балалар, бүгін ерекше күн екен. Біздің ұйымдастырылған оқу қызметіне қонақтар келіп отыр. Олай болса, балалар, қонақтармен амандасып алайық.

**Шаттық шеңбер:**

Арайлап таң атты,  
Алтын шуақ таратты.  
Қайырлы таң, балалар!  
Қайырлы таң, апайлар!

Балалар біз бәріміз бір үйдің балаларындай тату-тәтті доспыз. Қане, бір-бірімізге деген достығымызды нығайту үшін жақсы тілектер айтайықшы.

**Балалар:** Күніміз жарық болсын. Аспанымыз ашық болмын. Деніміз сау болсын. Еліміз  
тыныш болсын. Балабақшамыз жайнап тұрсын. Нанымыз көп болсын.

**Тәрбиеші:** Ия, балалар, осындай жақсы көңіл-күйімізбен мемлекетіміздің еңұранын айтайық.

**Хор:** «Әнұран»

**Тәрбиеші:** Балалар біз өз ана тілімізді білуіміз керек. Ана тілі адам болып жаралғаннан бері адамның жан дүниесінің айнасы деп айтсақ болады. Біздер қазақ тілде сөйлейміз. Біздің ұлтымыздың тілі ол-қазақ тілі.

-Тіл туралы қандай тақпақ білесіңдер?

**Таңнұр:**

Ана тілім бал тілім,  
Өзің барда шалқыдым.  
Өз тілімде ән шырқап,  
Термелетіп балқыдым.

**Оралхан:**

Ақыл ойы дананың,  
Ана тілден аламын.  
Ана тілім ардақты

- Ақ сүтіндей анамның.
- Е.Аяла:** Ана тілің арың бұл,  
Ұятың болып тұр бетте,  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тіліңді құрметте!
- Мырзағали:** Тілім барда мақтанам,  
Тілім менің аппақ ән.  
Бірлігімді бүгінгі,  
Ана тілім сақтаған.
- Нұрсәуле:** Өсірген ой білімді,  
Сүйім туған тілімді.  
Мақсат етем әр сөздің,  
Мәнін терең білуді.
- Мейіржан:** Ана тілді білмесем,  
Шат-шадыман күлмес ем.  
Жер бетінде сайраңдап,  
Қазақ болып жүрмес ем.
- О. Аяла:** Әркім тілін сүйеді,  
Қадірлейміз мұны біз.  
Қазақ тілі киелі,  
Мемілекектік тіліміз.
- Тәрбиеші:** Балалар біз қай елде тұрамыз?  
Қазақстанда тұрамыз.  
-Біз қай тілде сөйлейміз?  
Қазақ тілде сөйлейміз.  
-Ауылымыздың аты қандай?  
Жаңабазар.  
-Біздің балабақшамыздың атын айтыңдаршы?  
Балдырған  
- Бақшамыз неше қабаттан тұрады?  
Екі қабаттан тұрады.

- Тобымыздың аты қалай аталады?

«Жұлдыз» тобы деп аталады.

**Тәрбиеші:** Балалар сендер тілге байланысты мақал-мәтел білесіңдер ме?

**Дархан:** Өнерлінің қолы алтын,  
Өлеңшінің сөзі алтын.

**Мансұр:** Тіл тас жарады,  
Тас жармаса бас жарады.

**Інжу:** Өнерлінің қолы алтын,  
Өлеңшінің сөзі алтын.

**Ән:** «Үкілі әуен»

**Тәрбиеші:** Балалар тіл туралы тағы тақпақтарын айтады.

**С.Алау:** Балам тілім,армысың  
Қазақ тілі, жанымсың.  
Ақындардың жыр-әні  
Сеніменен танылсын!

**Әмина:** Сен арқылы тілдесемін,  
Сол тіліміз гүлдесе мың.  
Айналайын, Ана тілім,  
Арта түспек тілге сенім!

**Абылай:** Сәлем бердім саған елім,  
Тал бесігім туған жерім.  
Сәлем бердім бәріңізге,  
«Қазақтілі» дегендердің.

**Ерқанат:** Ақыл ойы дананың,  
Ана тілден аламын.

Ана тілім ардақты,  
Ақ сүтіндей ананың.

**Айша:** Тілсіз келген білімнің,  
Түбі нағыз қиғылық.  
Абыройы тілімнің,  
Көтеремін ту қылып.

**Асылан:** Тілім менің -байлығым,  
Тілім менің -айбыным.  
Туған тілді ардақта,  
Сол ғой менің ай-күнім.

**Жасмин:** Ана тілің біліп қой,  
Еркіндігің, теңдігің  
Ана тілің біліп қой,  
Мақтанышың елдігің.

**С.Алау:** Ана тілім өз тілім, ана тілім,  
Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.

**Хантөре:** Балдай тәтті-бала тілім,  
Сөзбен тәтті-дана тілім.  
Қазақ үшін қасиетті,  
Жаса мәңгі Ана тілім!

**Тәрбиеші:** Балалардан сұрақ-жауап алу.  
Балалар бүгінгі оқу қызметіне жақсы атсалысып қатысқандарың үшін рахмет!



Қазығұрт аудандық

білім бөлімі

«Балдырған»

балалар бақшасы

Ертеңгілік

**«Ғажайып күз»**

Тәрбиешілер: Кенжебекова Ш

Бегимова Б

Ән.жет: Ештаева С.

2022-2023 оқу жылы



## «Ғажайып күз»

**Мақсаты:** Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау, ойындарда өз күштерін сынап көруге ынталандыру, күз мезгілі туралы білімдерін кеңейту, табиғат өзгерістеріне мән беруге және табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.

**Жүргізуші:** Армысыздар құрметті қонақтар, әріптестер және балалар. Міне көңілді жаз бітіп, өлкемізге ғажайып алтын күзімізде келіп жетті. Осы «Ғажайып күз» мерекесіне қош келіпсіздер! Сары алтындай сары күз себетке толы жемісін, қамбаға толы егінін сыйлады. Олай болса, берекелі де ырысты алтын күз құрметіне арналған мерекемізді бастайық. Ендеше балаларымыздың мерекеге арналған тақпақтарын тыңдайық.

**Мырзағали:** Күз келді, алақай!  
Алтын келді далаға  
Дәні бітік бидайды,  
Құйып жатыр қамбаға.

**Жасмина:** Күздің қазан айында,  
Алма, алмұрт піседі.  
Жапырақтар сарғайып,  
Сыбдыр-сыбдыр түседі.

**Сәдуахас** Нұрға бөлеп өмірді,  
**Алау** Жырға бөлеп көңілді.  
Жарқыраған сәулелі,  
Күз әуені төгілді.

**Нұрсәуле:** Көрініп еліме,  
Күндері мереке.  
Келді ғой жеріме,  
Күз дейтін мереке.

Хантөре: Жапырақ ұшты,  
Суықта түсті.  
Сонда да бізге,  
Қызық көп күзде

Жүргізуші: Жарайсыңдар, енді балалар күз мерекесіне арнап ән айтайық.

Ән: «Алтын күз»

Музыка әуенімен күз ханшайымы келеді.

Күз ханшайымы: Уа халайық, дархан далам армысың,  
Табиғаттым, жаны жайсан тал мүсін.  
Ханшайымы күзі бүгін келіп тұр,  
Алмақшы боп бар халқымның алғысын.

Сәлеметсіңдер ме баралар, мерекелерің құтты болсын! Мен бұл мерекеге құры қол келген жоқпын, өзіммен бірге себетке толы күзгі байлығымды ала келдім және сердермен бірге ойын ойнап, көңіл көтеруге келдім. Ендеше, бір ойын ойнайық, ия балалар!

Балалар: Ия

Күз ханшайымы: Бұл ойын «сиқырлы орамал» деп аталады. Барлығымыз көзімізді жұмып отырымыз, мен сендердің біреуіңді мына сиқырлы орамалмен жасырып қоямын, көздеріңді ашып кімді жасырғанымды табасыңдар.

Ойын: «Сиқырлы орамал»

(Кенеттен бір жылаған дыбыс естіледі.)

Күз ханшайымы: Балалар, тыңдаңдаршы, біреу жылап жатқандай ия. Мен ақырын барып байқап көрейінші.

-Ой балалар, бұл орманда жүретін Кірпі ғой.

Жүргізуші: - Кірпі саған не болды?

- Неге жылып келесің?

Кірпі – Айша: -Мен ертегіден кеткенмін,  
-Мен орманан да қуылғанмын.  
- Мені мүлден ұмытқан,  
-Үйшігімді таптап кеткен.  
Жемістерімді шашып кеткен,  
Ал, үйім менің -осы орман

Жүргізуші: Кірпіжан сен мұңай ма, Біздің балалар, Жемістеріңді жинап береді. Ал, сен біздің балдардың өнерін тамашала.

Би: *Айна* «Жапырақтар»

Абылай: Алақай! Алақай!  
Шаттанды балақай!  
Күз түсті, дән пісті,  
Айтамыз алғысты.

О.Аяла: Сап-сарығып даланы,  
Бояпты ғой күз деген.  
Құстар қанат қағады,  
Қоштасқандай бізбенен.

Мейіржан: Жетті желмен алтын күз,  
Жеміс жинау салтымыз.  
Жиіп-теріп болған соң,  
Той жасайды халқымыз.

Ерқанат: Сарғайды тоғай,  
Сап-сары маңай.  
Соңғы әнін айтып,

Құс кетті қайтып.

Жүргізуші: Кірпі сен балалардың жемістер жайында тақпақтарын тыңдашы.

Е.Аяла: Пісіп тұрған алмамын,  
Тамсандырған бал дәмін.  
Жерге сілкіп түсір ме,  
Ісіп кетер маңдайым.

Әмина: Тіл үйірген алмұртпын,  
Таңсығымын бар жұрттың.  
Жақсы өсіре алмайды,  
Қараса егер аслғырт кім?

Дархан: Мен жүзіммін, жүзіммін  
Моншақ болып тізілдім.

Ойын: «Жемістер жинау»

Кірпі: Рахмет сендерге, мен жаңадан достар таптым. Қазір менің көңілім көтеріңкі. Барып өзіме жаңа үй саламын. Сау болыңдар!

Би: « Жаңбыр биі»

( Аю мұңайып жыламсырағандай болып келеді)

Аю-Оралхан: -Бал жегім келіп еді, мені жаман аралар шағып тастады. Қолымдағы балымды арадан қашамын деп түсіріп алдым. У-у-у-у деп жылайды.

Жүргізуші: Аюжан араға тискенің жарамайды. Сен жылама сенің балыңды тауып береміз. Кел, бізбен бірге көңіліңді көтер. Біздің балдардың өнерін тамашала.

### Мақал-мәтелдер

Әбдікерім: Екпей егін шықпас,  
Аяла Үйренбей білім жұқпас.  
Жердің сәні егін,  
Ердің сәні білім.

Асылан: Жаңбыр бір жауса,  
Терек екі жауады.

С.Алау: Қырман басы береке,  
Көп жүрген жер мереке.

Інжу: Арпа бидай ас екен,  
Алтын күміс тас екен.

Мансұр: Жердің сәні егін,  
Ердің сәні білім.

Би: «Қолшатыр биі»

Таңнұр

(Тиін көңілденіп кіреді.)

Тиін-Таңнұр: -Балалар жағдайларың жақсы ма?

Мен Аю досымды іздеп жүрмін. Ой Аю сен мұңайма, мен сенің балыңды тауып алдым. Балыңды ала ғой.

-Балалар, сендерден өтініш мен қолымдағы жапырақтарымның түр-түсін ажыратып беріңдерші. Менде өте көп жапырақтар бар.

Ойын: «Жапырақтар ойыны»

Жүргізуші: Ал балалар Аю мен Тиінмен қосылып ән орындайық.

Ән: «Күз шырқайды әуені»

Аю-Оралхан: -Балалар мені кешіріңдерші, мен енді ешкімге тиіспеймін. Көңілім көтеріліп қалды. Тиін саған рахмет. Маған өзімнің балымды тауып бергеніңе.

Тиін-Таңнұр: Ал, мен балаларға рахметімді айтқым келеді, өте қызық ойын екен. Енді мен барлығын біліп жүретін боламын. Балалар сендерге рахмет!

Күз ханшайымы: Ал балалар, сендермен бірге бүгінгі мереке өте қызықты өтті. Мен енді өзіммен бірге Аюды, Тиінді алып Кірпіге барып көмектесейік. Келесі кездескенше сау болыңдар!

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, осымені біздің күз мерекесіне арналған «Ғажайып күз» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Жомарт күздің сыйы жыл бойы халқымыздың ақ дастарханы тойға жайылсын. Баршамыз бір-бірімізбен дос, бауыр болып, келесі мерекеде аман-есен қауышайық. Қош- сау болыңыздар!



19.10.22г.





Түркістан облысы  
Қазығұрт ауданы  
«Б а л д ы р ғ а н»  
бөбекжай балабақшасы

## «Алақай, Жаңа жыл келді!»

«Жұлдыз» ересек тобы

Тәрбиешілер: Бегімова. Б.

Кенжебекова.Ш.

2022-2023 ж



## «Алақай, Жаңа жыл келді !»

Орман ханшайымы залға кіріп, келеді. Сиқырлы таяқшаларын сермейді.

Уа халайық жараңдар,  
Айналаға қараңдар !  
Жаңа жылдық бұл тойың  
Салтанатқа қараңдар  
Қызық көріп, шат болып,  
Шаттық күліп тараңдар!

Орман ханшайымы: Менің көмекшім (Түлкі) Жаңа жыл жақындады, бізге  
«Балдырған» бақшасынан келе жатқан қонақтарды қарсы  
алыңдар

(Әуен ойналып залға балалармен Түлкі кіріп келеді.)

(Ән мен би билеп кіреді.)

Түлкі: Амансыздар ма ұстаздар, ата-аналар! Жаңа жылдарыңыз құт – береке  
әкелсін! Мен әйгілі айлакер Түлкімін. Мен балаларды мерекеге ертіп  
келдім. Балалар көне қонақтармен амандасайықшы.

Балалар: Сәлеметсіздер ме!

Түлкі: «Шыршаға бардық» әнін орындау

Түлкі: Орман ханшайымы, біз сіздің шақыру билетіңізді алған соң дайындалып  
келіп отырмыз. Балалар маған жаттығу жасауды үйретіңдерші. Мен  
таңертең тұрғанда жаттығу жасауды үйренгім келеді.

**Балалар жаттығуды жасайды.**

Түлкі: Балалар сендерге рахмет. Мен енді біліп жүретін боламын.

Орман ханшайымы: Балалар, қош келдіңдер. Біздің жаңа жылымыздың басты  
қонақтары Аяз ата мен Ақшақарды да барлығымыз бірге  
шақырып алайықшы.

**Балалар:** Ортаға Аяз ата мен Ақшақарды шақырады. Аяз ата Ақшақар

**Аяз ата:**               Уа, халайық жиналған,  
Көңілдерің дүру маржан  
Айналайын ұлдарымнан  
Айналайын қыздарымнан  
Аяз ата, Ақшақар  
Жеттау жолдан қиналып!

Жаңа жыл мерекелерің құтты болсын! Өздеріңді сағынып келдік. Бізге деген өнерлерің бар ма? Ақшақар қызым екеуміз мерекені қызықтайық деп келдік.

**Орман ханшайымы:** Әрине, Аяз ата біздің балалардың өнерін  
тамашалаңыздар

**Айша:**               Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар,  
Таңырқанып тұрмаңыздар  
Сәнді шырша шақырады,  
Шырша жырын жырлаңыздар

**Оралхан:**           Армысыздар, халайық!  
Бармысыздар, халайық!  
Жаңа жылды жұп жазбай  
Бірге қарсы алайық

**Мәнсұр:**           Тамаша, тамаша  
Шыршамыз тұр жараса  
Басында әсем жұлдызы,  
Көз тоймайды қараса.

**Інжу:**               Безендіріп шыршаны,  
Жыл қуантты шыршаны  
Той – маскарад басталды.

Аяз оны басқарды

Абылай:

Жаңа жылым мол болсын,  
Басқан қадамың оң болсын  
Төрле, төрлет жаңа жыл  
Бізге құтты жол болсын!

Сара:

Шанамызға мінеміз,  
Мәз майрам боп күлеміз  
Жарысамыз бәріміз,  
Жарасып тұр сәніміз.

Асылмұрат:

Қызық- думан күн келді,  
Жасыл шырша түрленді  
Аяз сүйіп терледі,  
Үйге кірді, төрледі

Хадия:

Аппақ тонға оранып,  
Базарлықты мол алып  
Келеді елге оралып,  
Аяз ата оралып

Ерқанат:

Өлеңде әзір, ән әзір  
Ойын да әзір, бәрі әзір  
Кел жаңа жыл, біздерге  
Кел жаңа жыл, жаңа жыл

Нұрсауле

Ақ қырауға малынған  
Сақалы да, мұрты да  
Аяз Ата сағынған  
Сәлем бердім жұртыма

Жасмина Шыршамыз да керемет  
Ойыншықтар тағылған  
Алыс жақтан келіп тұр  
Аяз Ата сағынған

Айдана: Той, мереке, салтанат  
Думандатты шартарап  
Келді, міне Жаңа жыл  
Тартуларын арқалап

Би: «Бим-бом»

|              |         |             |
|--------------|---------|-------------|
| Орындауында: | Інжу    | Оралхан     |
|              | Абылай  | Таңнұр Айша |
|              | Дархан  | Ә. Аяла     |
|              | Е. Аяла | Асылан      |

Ән: Абдумутали Айша орындауында

Орман ханшайымы: Ата-аналармен ойын ойнасақ

«Аққалаға мұрын қажет»

Шарты: Ойынға екі ата-ана шығады. Аққаланың салынған суреті тұрады, сол суретке аққалының мұрын салып толықтыру қажет. Суретті салған адамның көзін байлайды. Кім дұрыс салса сол ата-ана жеңімпаз атанады.

Аяз-ата: Балалар мен сендердің білімдеріңді тексергім келіп тұр.

Ойын: «Иә не жоқ» ойыны

Шарты: Аяз-Ата сұрақ қояды, балалар «иә немесе жоқ» деп жауап береді.  
Бұл жерге көңіл көтеруге келдік пе?  
Маған сырларыңды айтыңдаршы Аяз-атаны күттіңдер ме?

Сендер аяздан қорқасыңдар ма?

Бүгін өнерлеріңді көрсетуге дайынсыңдар ма?

Мереке бізге ұнамайды, мүмкін ұйықтап аламыз?

Аяз-Ата сыйлыққа кәмпит әкелді сендер жейсіңдер ме?

Аяз-Ата еріп кетеді бұл рас па?

Жарайсыңдар өте ақылды балалар екенсіңдер

Орман ханшайымы: Қызарымыздың биін тамашалаңыздар

Би: «Шырша биі»

|             |         |          |        |        |
|-------------|---------|----------|--------|--------|
| Орындауында | С Алау  | Әмина    | Сара   | Айдана |
|             | О Аяла  | Айша     | С Алау | Хадия  |
|             | Жасмина | Нұрсәуле |        |        |

Түлкі: Ой балалар, қараңдаршы қоян көжектерін ертіп келе жатыр

Қоян жылы қош келіпсіз төрлет, балалар сізді күтуде

Орман ханшайымы: Армысың Жаңа жыл!  
Қадамың құтты болсын,  
Бейбітшілік жылы бол,  
Құт береке жылы бол

Қоян: Мен Жаңа жылмын, Жаңа жылмын.  
Еліме келген жаңа бақыт жаңа жырмын  
Келдім міне еліме, келдім міне жеріме  
Шаттыққа бөлеп әр үйді шығам енді төріме,  
Мен дағы бір қонақпын, он екі жылда оралар  
Үлкендерге ақ ниет, сіздерге де мың рахмет

Аяз ата: - Ал, айналайын Жаңа жыл, келген қадамыңа нұр бітсін!

Қоян: Мен өзімен бірге көжектерімді ертіп келдім. Менің көжектерімнің өнерін  
тамашалаңыздар

Әбдікерім Аяланың орындауында «Ақ қоян» өні

Орман ханшайымы: Қоянжан сенде қонақтармен біздің балалардың өнерін  
тамашалаңыз

Бекасыл: Келді тағы жаңа жыл,  
Қуантумен біздерді.  
Құтты болсын қуаныш,  
Құттықтаймыз сіздерді

Мейіржан: Оралды өлкеме  
Жаңа жыл армысың!  
Оранды ақ көрпеге,  
Асқар тау қарлы шың

Хантөре: Тоғай да, баулар да  
Ақ күміс жамылды  
Дала да, таулар да  
Өзіңді сағынды

Е.Аяла Кезектесіп балалар  
Тақпақ айтып береміз  
Сұрақ қойса Ақшақар  
Ойланып жауап береміз

Мырзағали: Ал балалар тұрайық  
Би билейік ойнайық  
Аяз-Ата қуансын  
Дөңгеленіп зырлайық

Дархан: Жаңадан тақпақ